

«Алпамыс» бөбекжай бақшасы» КМҚК



«Шынықсаң шымыр боласың»
(Спорттық сайыс)

2024-2025 оқу жылы

Спорттық сайыс: «Шынықсаң шымыр боласың»

Міндеті: Ата-ана мен балабақша арасындағы байланыс пен ынтымақтастықты арттыру, салауатты өмір салтын насихаттау, көңілді ойындарға белсене қатыстыру.

Көрнекілігі: Түрлі – түсті доптар, кедергілер, үлкен доп, ысқырық.

Спорт, спорт, спорт әуені қосылады.

Жүргізуші:Құрметті ата-аналар , қонақтар, бүгінгі «Шынықсаң шымыр боласың» сайысына қош келдіңіздер!

Ұстанған салауатты өмір салтын,
Жасқанып, ешқашан да мойымайтын,
Болашақ спортшылар келді ортаға
Қол соғып қарсы алайық, қане, халқым!



Көңілді жарысқа 2 топ қатысады. Сайысқа қатысушыларды ортаға шақырамыз.

Олар:

1. «Барыс»тобы
2. «Алау» тобы

Құрметті сайысқа қатысушылар қош келдіңіздер! Сіздерге сәттілік тілейміз.

Әнұран



- Сайысты бастамас бұрын, сайысымызға әділ баға беретін әділ – қазылар алқасымен танысайық. Әр кезең сайын әділ – қазылар өз бағасын береді.

- **Балабақша әдіскері:** Сейтжаппарова Алима Мерекеевна

Медбике: Орынбек Айзат Ермағанбетқызы

Спорттық сайысымыз 5 баллдық жүйемен бағаланады.

Сайыстың бағдарламасы 6 кезеңнен тұрады

1. «Таныстыру»
2. «Дәлдеп ат»
3. «Кім жылдам»
4. «Сөз құра»
5. «Доп жинау»
6. «Кім мықты»
7. «Тату жұп»

Құрметті сайыскерлер!Сіздерге сәттілік!

Сайысымызды бастаймыз.

1. Кезең. «Таныстыру»

Шарты: Командалар өздерін таныстырады. Бағалау.

1. «Барыс»тобы
Жеңістерге бет алдық,
Спортта сұлтан атандық.
Жетсін деп топ мақсатқа,
Барыс деп атадық
Барыс тобы алға, алға



2. Ұран: “Алау”тобы
Армандарға қол созумен келеміз,
Өмір теңіз жүзіп келеді кемеміз.
Білімменен қаруланған тобымыз,
Қарсыласты қалай да біз жеңеміз.



2. Кезең. «Дәлдеп ат»

Шарты: екі топқа бөлініп, кедергілер арасынан жүгіріп өтіп, алдымызда тұрған допты алып, түрлі-түсті суларды құлату.

3. Кезең. «Кім жылдам»

Шарты: Шеңбер ішінде доп тұрады. Екі команда мүшесі айналып жүріп, белгі берілген кезде, әр команда мүшесі өз командасына қарай барып, қатысушылар арасынан ирелеңдеп өтіп, допты бірінші болып алу қажет. Қай команда мүшесі бірінші болып допты алса, сол жеңімпаз.



4. Кезең. «Сөз құра»

Шарты: Допты тізеге қойып қос аяқтап секіріп барып, үстел үстіндегі әріптерден сөз құрау.



5. Кезең. «Доп жинау»

Шарты: Командадан бір адам шығып скотч оралған шеңберді ұстап тұрады, ал қалған команда мүшелері теріс қарап отырып, кішкентай доптарды лақтырады.



6.Кезең. «Кім мықты»

Шарты: Қолдарына үлкен шарды алып, тепе-теңдікті сақтай отырып бір-бірін итеріп ағаштан түсіру.



7.Кезең. «Тату жұп»

Шарты: Әр командадан екі жұптан шығып, біреуі обручты ұстап тартады, ал екіншісі сол обручтың ішінен шығармай допты жерге ұрып мәреге жету қажет.



Көрсетті міне өз өнерін аналар,
Сайыстың да соңы келіп таянар.
Жеңімпазды анықтайық қанекей,
Әділ – қазы сайысты әділ бағалар,- деп, сайысымыздың шарттары бойынша қорытынды

шығарып жеңімпаздарды анықтап, марапаттау үшін сөз әділ – қазы алқаларына беріледі.

Уа,халқым назар аудар денсаулыққа!

Өмірде бақыттысың деніңсау да.

Денсаулық терең бақыт деген сөзді

Құрайтпаған ұлы Абай данамыз да демекші

Құрметті ата-аналар, апайлар! Келгендеріңізге көп-көп рахмет.

